

Кентау қаласының және елді мекендердің көшелерін атау туралы

Оңтүстік Қазақстан облысы Кентау қаласы әкімдігінің 2008 жылғы 11 ақпандағы N 51 қаулысы және Кентау қалалық мәслихатының 2008 жылғы 12 ақпандағы N 42 шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысы Кентау қаласының Әділет басқармасында 2008 жылғы 14 наурызда N 14-3-56 тіркелді

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының әкімшілік аумақтық құрылыс туралы" Заңының 13 бабына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 6-бабының 1-тармағының 15) тармақшасына сәйкес және тиісті аумақ халқының, пікірін ескере отырып қала әкімдігі мен қалалық мәслихат

Ш Е Ш Т І :

1. К е н т а у қ а л а с ы н д а :
Фурманов көшесі Бейбарыс атымен аталсын;
Трудовая көшесі Кенен Әзірбаевтың атымен аталсын;
Конечный тұйық көшесі Астана тұйық көшесі атымен аталсын;
Маяковский көшесі Қобыланды батыр атымен аталсын;
Мичурино көшесі Жібек жолы көшесі атымен аталсын;
Пархоменко тұйық көшесі Сегіз сері тұйық көшесі атымен аталсын;
Садовый тұйық көшесі Майлы қожа тұйық көшесі атымен аталсын;
Машиностроитель тұйық көшесі Еңбекші тұйық көшесі атымен аталсын;
Морозов тұйық көшесі Ордабасы тұйық көшесі атымен аталсын;
Базарная көшесі Қарсыбай Спатаевтың атымен аталсын;
30 лет Казахстан көшесі Тараз көшесі атымен аталсын;
Профсоюзный көшесі Шаңырақ көшесі атымен аталсын;
Геодезический көшесі Сүйінбай атымен аталсын;
Лесопарковая көшесі Көктөбе көшесі атымен аталсын;
Береговая тұйық көшесі Жайық тұйық көшесі атымен аталсын;
Чапаев көшесі Ермұқан Бекмахановтың атымен аталсын;
Северная көшесі Жиренше шешен атымен аталсын;
Толстой көшесі Нұртас Ондасыновтың атымен аталсын;
Фруктовая көшесі Баян батыр атымен аталсын;
Автомобилист тұйық көшесі Жанқожа Нұрмұғаммедұлы атымен аталсын;
Октябрьский тұйық көшесі Алаш тұйық көшесі атымен аталсын;
Заводской тұйық көшесі Ер тарғын тұйық көшесі атымен аталсын;
Добролюбов тұйық көшесі Алпамыс батыр атымен аталсын.
Қ а р н а қ а у ы л ы н д а :

Подгорная көшесі Күнгеі көшесі атымен аталсын;
Көлбасы көшесі Әбілғазы Баһадур атымен аталсын;
Атаусыз көшесі Қарағаш көшесі атымен аталсын;
Сахил көшесі Бумын қаған көшесі атымен аталсын;
Янгибағ, Бағабад көшесі Жаңа бақ көшесі атымен аталсын;
Гулабад көшесі Жүсіп Баласағұн атымен аталсын;
Интернационал көшесі Махмуд Қашқари атымен аталсын;
Ж. Асамов, К. Маркс көшесі Әмір Темір атымен аталсын;
Фурқат көшесі Береке көшесі атымен аталсын;
Ел тегірман көшесі Жел диірмені көшесі атымен аталсын;
Хантепа көшесі Хан төбе көшесі атымен аталсын;
Ленин көшесі Тайқазан көшесі атымен аталсын;
Муқими көшесі Наурыз көшесі атымен аталсын;
Янгишахар көшесі Бабатай қақпа көшесі атымен аталсын;
Октябрь 70 жылдығы көшесі Үкаша ата көшесі атымен аталсын;
Гагарин көшесі Асан Қайғы атымен аталсын;
Тельман көшесі Әз Жәнібек атымен аталсын;
Ғалаба көшесі Жеңіс көшесі атымен аталсын;
Хожабад көшесі Салқам Жәңгір атымен аталсын;
Яшлик көшесі Жастар көшесі атымен аталсын;
Алмазар көшесі Алма бақ көшесі атымен аталсын;
Атаусыз көшесі Нұр көшесі атымен аталсын;
Мехнат көшесі Қырғыз қақпа көшесі атымен аталсын;
Шоқорик көшесі Есімхан Шағайұлы атымен аталсын;
Аччи-1 көшесі Үйрек ата көшесі атымен аталсын;
Аччи-2 көшесі Ахмет Жүгінеки атымен аталсын;
М. Толешов көшесі Нышан қақпа көшесі атымен аталсын;
Пушкин көшесі Мусилла қақпа көшесі атымен аталсын;
Қош тегірман көшесі Қос диірмен көшесі атымен аталсын.

Қ ұ с ш ы а т а а у ы л ы н д а :

Атаусыз көшесі Қаныш Сәтпаев атымен аталсын;
Атаусыз көшесі Сүйіліш батыр атымен аталсын;
Атаусыз көшесі Кентау көшесі атымен аталсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі.

	Қалалық	мәслихат	сессиясының
төрағасы	С. Алшынбаев		
	Қ а л а	ә к і м і	м і н д е т і н
атқарушы	А. Абдрасилов		

Қалалық мәслихат хатшысы

Е. Аширов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК